

АҚОРДА

# ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ БАСТАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанның жаңа Конституциясының күшіне енуіне орай  
**ҮНДЕУІ**



### Құрметті отандастар!

Жаңа Конституциямыздың заңды күшіне енуі – бүкіл еліміз үшін айрықша маңызды оқиға. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталады. Біз саяси-экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің және қарқынды дамудың даңғыл жолына түсеміз.

Осы ерекше күн еліміздің бүкіл саяси жүйесін, сондай-ақ мемлекеттің және азаматтық қоғамның негізгі институттарын түбегейлі жаңғырту кезеңі басталғанын аңғартады.

15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда Қазақстан халқы ел тағдырына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің

ондаған жылдарға арналған даму бағдарын айқындайтын таңдауын жасады. Миллиондаған отандасымыз берекелі бірлік танытып, шынайы отаншылдық пен жоғары жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл тарихи шешімнің төл шежіремінде алтын әріппен жазылатыны анық.

Бұдан былай Конституция күні «Наурызнама» онкүндігімен қатар аталып өтеді. Мұның символдық мәні зор. Конституция күні ел ішінде ғасырлар бойы орныққан көктемгі жаңару дәстүрлерін Ата заңның басты қағидаттарымен тоғыстырады, яғни азаматтарымыздың ырысты ынтымаққа, озық білімге, ел игілігі жолында адал еңбек етуге деген талпынысымен үндеседі.

Біз нағыз Халық Конституциясының

мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат-мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Біз бірлігі бекем, біртұтас ұлт ретінде әлемдік өркениеттің шыңын бағындырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін және барлық азаматтың жан-жақты дамуына жол ашатын мемлекетті – Әділетті Қазақстанды құрамыз!

Қастерлі Отанымызды көркейту жолындағы жоспарларымызды ойдағыдай орындаймыз. Мен бұған кәміл сенемін!

Қазақстан Республикасы жасай берсін! Халқымыз мәңгі жасасын!

ЖАРЛЫҚ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 3) тармақшасына және 95-бабының 1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ. ТОҚАЕВ.**

Астана, Ақорда,  
2026 жылғы 1 шілде, №1338

**Қастерлі  
Тәуелсіздігіміздің  
тұғырын нығайтып,  
Әділетті, Қуатты,  
Қауіпсіз, Таза әрі  
Озық Қазақстанды  
құрамыз. Мен бұған  
кәміл сенемін! Осы  
жолда аянбай еңбек  
ету – әр азаматтың  
перзенттік парызы.**

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
Қазақстан  
Республикасының  
Президенті.**

## БІЗ КЕЗ КЕЛГЕН БЕЛЕСТІ БАҒЫНДЫРАМЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзі

### Қымбатты отандастар!

Қадірлі депутаттар және Үкімет мүшелері!

Бүгінгі Парламенттің қос Палатасының бірлескен отырысының тарихи мән-маңызы айрықша деп айтсақ, дұрыс болар. Бұл дүйім халқымыз үшін де айқын нәрсе, ақиқат. Бүгін біз мемлекетіміздің заң шығарушы органы – Парламенттің кезекті сессиясын аяқтап, Тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы тұтас бір дәуірді қорытындылап отырмыз. Осылайша, тереңнен тамыр тарқан мемлекетіміздің жаңа кезеңіне қадам басқалы тұрмыз.

Ертең Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы заңды күшіне енеді. Ұлт заңымен қатар, мемлекеттің

билік жүйесі де түбегейлі жаңа сипатқа ие болмақ. Қос палаталы Парламенттің орнына Құрылтай келеді. Жалпы, бұл өзгеріс Қазақстанда тарихи сабақтастық бар екенін анық көрсетеді.

Осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын елімізде тұңғыш кәсіби Парламент құрылды. Мүлде жаңа институционалдық үлгіге көшкен заң шығарушы орган мемлекеттігімізді нығайтуға елеулі үлес қосты, сондай-ақ еліміздің құқықтық негізін қалыптастыру және нарықтық экономиканы орнықтыру ісінде маңызды рөл атқарды.

### ҚҰТТЫҚТАУ

## ҰЛТТЫҚ РУХЫМЫЗ АСҚАҚ БОЛСЫН!

Жамбыл ауданының әкімі Ерлан Қыдыралыұлының, аудандық мәслихат төрағасы Мұхтар Шайдаевтың аудан тұрғындарын Ұлттық домбыра және Астана күнімен құттықтауы

### Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Ұлттық домбыра және Астана күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Домбыра – қазақтың қасиетті қазынасы, елдік пен ерліктің, тарих пен тағылымның, бірлік пен рухтың символы. Ғасырлар бойы халқымыздың мұны мен қуанышын, арман-аңсарын күй тілімен жеткізген қастерлі домбыра – ұлттың мәңгілік мұрасы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 30 маусымда Парламент палаталарының соңғы бірлескен отырысында:

«Қашанда жаңашылдыққа ұмтылатын жасампаз ел болу үшін біз ең алдымен мызғымас құндылықтарымызға, бай тарихымыз бен мәдени мұрамызға арқа сүйеуіміз қажет.

Бірнеше күннен кейін бәріміз бір ел болып Ұлттық домбыра күнін атап өтеміз. Бұл – болмысымызды

айшықтайтын, жұртымыздың, әсіресе, өскелең ұрпақтың рухын көтеретін айрықша мереке, – деп атап өтті.

Бұл – ұлттық мұраны сақтау ғана емес, елдігімізді нығайтудың, ұлттың рухын асқақтатудың айқын бағдары. Биылғы Ұлттық домбыра күнінің мәні бұрынғыдан да ерекше. Өйткені бұл мереке жаңа Конституция күшіне енгеннен кейінгі алғашқы ұлттық мереке ретінде аталып өтуде.

Ал, Елордамыз – Тәуелсіз Қазақстанның жарқын жетістігінің, ел бірлігі мен тұрақты дамуының символы. Бүгінгі Астана – жаңашылдықтың, өрлеудің және мемлекетіміздің биік мақсаттарының айқын көрінісі. Бас қаламыздың дамуы – бүкіл Қазақстанның дамуының айғағы.

Жаңарған Ата Заң Қазақстанның саяси жүйесін жаңа деңгейге көтеруді көздейді. Мемлекеттік басқарудың жаңа моделі қалыптасып, заң

үстемдігі нығаяды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың жаңа тетіктері іске асады. Халықтың мемлекет ісіне қатысу мүмкіндігі кеңейіп, жауапты әрі тиімді мемлекеттік басқару қағидаттары орнығады.

Осындай тарихи өзгерістер тұсында ұлттық құндылықтарымызды сақтау мен дәріптеудің маңызы бұрынғыдан да арта түседі.

**Қадірлі жерлестер!** Ұлттық домбыра күні – өткенімізді ұлықтап, болашаққа сеніммен қадам басатын ерекше мереке. Жаңарған Конституция – әділетті әрі қуатты Қазақстанды құрудың берік құқықтық негізі. Астана – сол жарқын болашақтың символы.

Осынау тағылымы терең мерекелер әр шаңыраққа береке мен бақ-дәулет әкелсін! Ұлттық рухымыз асқақ, бірлігіміз бекем, мемлекетіміздің мерейі үстем болсын!

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР

# МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ

**Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында Қазақстан халқын 100 пайыз таза ауызсумен қамтуды тапсырды. Осы міндетті орындау мақсатында бірқатар нақты шешім қабылданды. Ілкімді істер ілгерілеп, күрделі мәселе өңірлерде оң шешімін тауып келеді.**

Жергілікті тұрғындарды сапалы ауызсумен қамту өңірімізде шешімін тапқан басты мәселелердің бірі десек, еш қателеспейміз. Бүгінде шалғайдағы елді мекен тұрғындары да судан зәрулік көріп отырған жоқ. Мәселен, мемлекеттік қолдаудың арқасында бүгінде Жамбыл ауданындағы 31 елді мекеннің барлығы орталықтандырылған ауызсумен 100 пайыз қамтылған.

Аудан аумағындағы су құбырлары желісінің жалпы ұзындығы 356 мың 784 метрді құрайды. Соңғы екі жыл ішінде аудан көлемінде Ернар, Жаңаөткел, Қызылшарық, Бектөбе және Өрнек, Жұма ауылдарын орталықтандырылған ауызсумен қамту бағытында маңызды жобалар жүзеге асырылған.

Тоғызтарау ауылдық округіне қарасты Жаңаөткел ауылының тұрғындары үшін таза ауызсу мәселесі ұзақ уақыт бойы өзекті

болып келген екен. Ауылдағы 75 аула мен 268 тұрғынды сапалы сумен қамтамасыз ету мақсатында ауқымды жоба қолға алынған. Нақтырақ айтсақ, жобаны жүзеге асыру үшін «Пырақ-Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен келісім-шарт жасалып, 349 миллион теңге қаржы бөлінген.

Құрылыс жұмыстары уақтылы басталып, мерзімінде аяқталған. Жалпы ауызсу жүйесін жүргізу тек әлеуметтік мәселені шешу емес, бұл – ауылдың ертеңіне салынған инвестиция.



Әр шаңыраққа жеткен мөлдір су ертеңгі тұрақты дамудың, халық игілігінің және ауыл келешегінің айқын көрінісіне айналса керек. Себебі тіршіліктің тамыры, әрине, суда. Ал сол тамырдың

үзілмей, әр үйге жетуі – мемлекет пен қоғамның ортақ жауапкершілігі.

Құрылыс саласында да жүзеге асырылып жатқан жобалар көп. Бытыр құрылыс жұмыстары 13 миллиард 568 миллион теңгеге жүргізілді. Аудан аумағында бюджет қаражаты есебінен 7,7

миллиард теңгеге 25 нысанның құрылысы жүргізілуде. Бұдан бөлек, Тоғызтарау, Жаңаөткел, Құмсуат, Сенгірбай елді мекендерінде ауылшілік және Сенгірбайда магистральды газ құбыры тартылып, табиғи газ пайдалануға берілді. Сонымен қатар Аса ауылында орталық кітапхана, мемлекеттік архив, жасөспірімдерге арналған үйірмелер жүргізу орталығының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Ендігі кезекте Қостөбеде мектеп, Тастөбеде спорт кешенінің, Бесағаш пен Ш.Ниязбеков елді мекендерінде мәдениет үйінің құрылыстары жүргізілуде. Олардың да игілігін көретін күн алыс емес.

Халықтың тұрмыс жағдайы мен экономикалық әлеуетін жаңа белеске көтеру атқарушы биліктің негізгі міндеттерінің бірі десек, біздің өңірде осы талап үдесіне сай жұмыстар атқарылуда. Жергілікті жұртшылықтың игілігіне бағытталған жұмыстар алдағы уақытта да жалғаса бермек.

Ильяс ҚАЛЫБЕКҰЛЫ



## Орталық сайлау комиссиясының ҮНДЕУІ



## ОБРАЩЕНИЕ Центральной избирательной комиссии



**Құрметті сайлаушы!**  
2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасының тарихында тұңғыш рет Құрылтай депутаттарын сайлау өтеді. Сіздерді еліміздің одан әрі дамуындағы жаңа кезеңді белгілейтін тарихи оқиғаның қатысушысы бола отырып, азаматтық жауапкершілік танытуға және конституциялық құқығыңызды іске асыруға шақырамыз. Сіздің сайлауға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске

асыруыңыздың кепілі – Сіздің Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысуға құқылы сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз. Сайлаушылардың тізімдерін жергілікті атқарушы органдар Сіздің тұрғылықты жеріңіз бойынша тиісті сайлау учаскесінің аумағында тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген өтініші негізінде тұрақты тіркелген жері бойынша тізімнен шығарылып отырып, енгізіледі.

Сайлау учаскелерінің шекаралары және учаскелік сайлау комиссияларының орналасқан жерлері туралы мәліметтерді тиісті әкімдер 2026 жылғы 16 шілдеге дейін жариялайтын болады.

Сіз өзіңіздің тіркелген жеріңіз бойынша жергілікті атқарушы органға жүгініп, өзіңіздің сайлау учаскеніңізді және тізімге енгізілгеніңізді тексеру аласыз. Тізімде болмаған жағдайда Сіз әкімдікке тиісті өтініш беруге құқылысыз. Сізге ыңғайлы болу үшін, жазғы демалыс факторын ескере отырып, Сіздің есептен шығару куәлігін алу және өз елді мекеніңізден тыс жерде дауыс беру мүмкіндігіңіз бар.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап өзіңіздің сайлау учаскеніңізде Сізге Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысуға құқығы бар сайлаушылардың тізіміндегі өзіңіз туралы мәліметтерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Өзгерістер енгізу немесе нақтылау қажет болған жағдайда учаскелік сайлау комиссиясына өтінішпен жүгінуге құқылысыз.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

**Уважаемый избиратель!**  
23 августа 2026 года впервые в истории Республики Казахстан состоятся выборы депутатов Курултая. Призываем Вас проявить гражданскую ответственность и реализовать свое конституционное право, став участником исторического события, которое ознаменует новую веху в дальнейшем развитии нашей страны.

Гарантией реализации Вашего конституционного права на участие в выборах является включение Вас в списки избирателей, имеющих право участвовать в выборах депутатов Курултая.

Списки избирателей составляются местными исполнительными органами на основании Вашей постоянной регистрации по месту жительства на территории соответствующего избирательного участка. Граждане, имеющие временную регистрацию, включаются в списки избирателей на основании поданного заявления в местный исполнительный орган с иском включением из списка по месту постоянной регистрации.

Сведения о границах избирательных участков и местах нахождения участковых избирательных комиссий будут опубликованы соответствующими акимами до 16 июля 2026 года.

Узнать свой избирательный участок и проверить включение в список Вы можете, обратившись в местный исполнительный орган по месту Вашей регистрации. В случае отсутствия в списке, Вы вправе подать соответствующее заявление в акимат.

Для Вашего удобства, с учетом фактора летних отпусков, у Вас есть возможность получить открытое удостоверение и проголосовать за пределами своего населенного пункта.

С 7 августа 2026 года на Вашем избирательном участке Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке избирателей, имеющих право участвовать в выборах депутатов Курултая. При необходимости внесения изменений или уточнений Вы вправе обратиться с заявлением в участковую избирательную комиссию.

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан.

### САЙЛАУ НАУҚАНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ

Қазақстан Республикасы  
Құрылтайының депутаттарын сайлау

ШІЛДЕ						
Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		
ТАМЫЗ						
Дс	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жк
				1	2	
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23

- 2026 ж. 1 шілде - Сайлауды тағайындау
- 2026 ж. 2 шілдеден - 13 шілдедегі сағат 18.00-ге дейін - Партиялық тізімдерді ұсыну
- 2026 ж. 23 шілдедегі сағат 18.00-ге дейін - Партиялық тізімдерді тіркеу
- 2026 ж. 11 шілдеге дейін - Аумақтық сайлау комиссияларының құрамдарын, олардың орналасқан жерлерін жариялау
- 2026 ж. 16 шілдеге дейін - УСҚ құрамдарын, сайлау учаскелерінің шекаралары және сайлау комиссияларының орналасқан жерлерін жариялау
- 2026 ж. 23 шілдедегі сағат 18.01-ден бастап - 22 тамыздағы сағат 00.00-ге дейін - Сайлау алдындағы үгіт
- 2026 ж. 2 тамыз - Учаскелік сайлау комиссиясына акт бойынша сайлаушылар тізімдерін ұсыну
- 2026 ж. 7 тамыздан бастап - Сайлаушыларды сайлаушылар тізімдеріндегі өздері туралы деректермен таныстыру
- 2026 ж. 22 тамыз - Тыншытық күні
- 2026 ж. 23 тамыз - Дауыс беру күні

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

### ЭТАПЫ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КАМПАНИИ

Выборы депутатов Курултая  
Республики Казахстан

ИЮЛЬ						
Пн	Вт	Ср	Чт	Пт	Сб	Вс
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		
АВГУСТ						
Пн	Вт	Ср	Чт	Пт	Сб	Вс
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23

- 1 июля 2026 г. - Назначение выборов
- со 2 июля - до 18.00 ч. 13 июля 2026 г. - Выдвижение партийных списков
- до 18.00 ч. 23 июля 2026 г. - Регистрация партийных списков
- до 11 июля 2026 г. - Опубликование составов территориальных избирательных комиссий, мест их нахождения
- до 16 июля 2026 г. - Опубликование составов УИК, сведений о границах избирательных участков и местах нахождения избирательных комиссий
- с 18.01 ч. 23 июля - до 00.00 ч. 22 августа 2026 г. - Предвыборная агитация
- 2 августа 2026 г. - Предоставление списков избирателей по акту в участковую избирательную комиссию
- с 7 августа 2026 г. - Ознакомление избирателей с данными о себе в списках избирателей
- 22 августа 2026 г. - День тишины
- 23 августа 2026 г. - День голосования

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан

# Аудан әкімінің тұрғындармен кездесулері барысында айтылған ұсыныстарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

(2026 жылдың II тоқсанына)

№	Ауылдық округ атауы	Тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелер	Орындалуы
1.	Өрнек ауылдық округі	Өрнек ауылы Жұма станциясындағы кіші футбол алаңшасы жанынан балалар ойын алаңшасын салу	Өрнек ауылдық округіне қарасты Жұма станциясына балалар ойын алаңшасы салынды. <b>Орындалды.</b>
2.	Өрнек ауылдық округі	Өрнек ауылындағы Гагарин, Е.Саухатов, Ә.Молдағұлова, М.Маметова, Б.Әбілдаұлы көшелеріндегі ескі электр желілерін ауыстыру	Өрнек ауылындағы Гагарин, Е.Саухатов, Ә.Молдағұлова, М.Маметова, Б.Әбілдаұлы көшелеріндегі ескі электр желілерін ауыстыру бойынша Жамбыл электр станциясы Жамбыл аудандық филиалының ақпаратына сәйкес қаражат 2026 жылдың жаз айларында қарастырылып, ауыстыру жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. <b>Орындалу үстінде.</b>
3.	Тоғызтарау ауылдық округі	Тоғызтарау ауылдық округінде газ желісі жүргізілген аумақтарда қалың қардан кейін топырақтың шөккен жерлерін мердігер мекеме арқылы қалпына келтіру	Тоғызтарау ауылдық округінде газ құбырын қазу жұмыстарын жүргізген мердігер «Газ сервис» ЖШС қалпына келтіру жұмыстарын толық жүргізді. <b>Орындалды.</b>
4.	Ерназар ауылдық округі	Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында, оның ішінде мал алуға 5-6 пайызбен жеңілдетілген несие қандай мемлекеттік бағдарламалар арқылы беріледі?	Асыл тұқымды жануарларды сатып алуға жаңадан ашылған «Береке», «Игілік» бағдарламалары іске қосылды. Бұл жөнінде Ерназар ауылдық округі шаруаларымен кездесу өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. <b>Орындалды.</b>
5.	Ақбастау ауылдық округі	Шоқай ауылы О.Жалпанова көшесіне жарық орнату	Ағымдағы жылы аудан бюджетінің мүмкіндіктері шектеулі болуына және әлеуметтік маңызы жоғары міндеттемелерді қаржыландыруға басымдық берілуіне байланысты Шоқай ауылындағы О.Жалпанова көшесін жарықтандыру жобасын іске асыруға қаржы қарастырылмаған. Осыған байланысты аталған жобаны 2028 жылдан кейін аудан бюджетінің мүмкіндігіне қарай кезең-кезеңімен іске асыру жоспарланып отыр. Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті жобалық және қаржылық мәселелер бюджет мүмкіндіктеріне сәйкес қаралатын болады. <b>Түсіндірілді.</b>
6.	Ақбастау ауылдық округі	Шоқай ауылындағы медициналық пунктте дәрігердің отыруын қамтамасыз ету	Ақбастау ауылдық округінде аудандық орталық ауруханаға қарасты 2 фельдшерлік акушерлік пункт орналасқан, дәрігер тапшылығына байланысты аталған мекемелерде аптасына 3 күн ( <i>Бірлесу-Еңбек ауылында 2 күн, Шоқай ауылында 1 күн</i> ) дәрігер қабылдауы жүргізілген. Округ тұрғындарының сұранысына сәйкес аптасына 3 күн дәрігер Аса ауылында аудандық емханада қабылдау жүргізетін болады. <b>Түсіндірілді.</b>
7.	Қарасу ауылдық округі	Ащыбұлақ ауылындағы Қ.Сартбаев атындағы орта мектепке газ кіргізу	Ащыбұлақ ауылындағы Қ.Сартбаев атындағы орта мектепке газ кіргізу бойынша «QazaqGazAймақ» мекемесінен техникалық шарт алу жұмыстары жүргізілуде. Қажетті құжаттар толықтырылғаннан кейін мектепке жылыту маусымы басталғанға дейін газ желісі жүргізіліп, қазандық газға ауыстырылатын болады. <b>Орындалу үстінде.</b>
8.	Аса ауылдық округі	Елді мекен шегінде тұрғындардың жеке үйлерінен шығатын кәріз суын төгетін арнайы орын дайындау	Аса ауылы бойынша жеке тұрғын үйлерден арнайы техникамен тасымалдап, кәріз суларын төгетін орын белгіленді. <b>Орындалды.</b>
9.	Аса ауылдық округі	Аудандық «QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ Жамбыл өндірістік филиалының өкілдері аудан орталығына келіп аптасына 2 күн толық жұмыс уақытында отыруын қамтамасыз ету	«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ Жамбыл өндірістік филиалының өкілдері аудан орталығы Аса ауылында күнделікті жұмыс атқарады. Жауапты мамандар апта сайын келіп тиісті құжаттарды рәсімдеп, қызмет атқаруда. <b>Орындалды.</b>
10.	Аса ауылдық округі	Аса ауылы Бірлік көшесіне жаяу жүргіншілер жолын және жол белгісін қою	Аса ауылы Бірлік көшесіне жаяу жүргіншілер жолын салу, жол белгілерін орнату жұмыстары бойынша аудандық полиция бөлімінің нұсқамалары алынды, алдағы шілде айында жол белгісі қойылатын болады. <b>Орындалу үстінде.</b>
11.	Көлқайнар ауылдық округі	Тастөбе ауылына шекаралас жатқан Бесағаш ауылдық округінің жайылым жеріне ауылдық округ тұрғындарының малдарының жайылуына ықпал ету	Көлқайнар ауылдық округіне қарасты Көлқайнар ауылы маңында «Бесағаш Ынтымақ» шаруа қожалығына тиесілі 600 гектар шабындық жердің аудандық мал жайылымына беру жөнінде шаруа қожалық басшысымен келіссөз жұмыстары жүргізілуде. <b>Орындалу үстінде.</b>
12.	Қаракерем ауылдық округі	Қаракерем ауылы Б.Сабаев көшесіне оқушылар, ауыл тұрғындары жүретін тротуар салу	Қаракерем ауылы Б.Сабаев көшесіне оқушылар, ауыл тұрғындары жүретін тротуар салу жұмыстары маусым айының 5 күні аяқталды. <b>Орындалды.</b>
13.	Қаракерем ауылдық округі	Қаракерем ауылындағы аудандық тұрмыстық қатты қалдықтарды сақтау полигонының айналасын ретке келтіру	2026 жылы 5 маусымда аудандық «Жастар ресурстық орталығы», аудандық кітапхана және Қаракерем ауылының «Балалардың және жасөспірімдердің дене шынықтыру клубы» қызметкерлері, ауылдық кітапхана, клуб жұмысшылары және округ әкімі аппаратының қызметкерлері бірлесіп полигон айналасын реттеді. <b>Орындалды.</b>
14.	Қаракерем ауылдық округі	Қаракерем ауылындағы мал тоғыту орнының қалыпты жұмыс істеуі	Қаракерем ауылындағы мал тоғыту орнында санитариялық тазалық жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, Жамбыл аудандық ветеринария бөлімі тарапынан мүйізді ірі қара мен ұсақ малдарды ДУК автокөлігі арқылы ақылы негізде дезинфекциялау қызметі көрсетілетіні туралы ауыл тұрғындарына хабарланды. Қазіргі уақытта жұмыстарды жүргізуге қажетті дайындық толық қамтамасыз етілген. <b>Орындалды.</b>
15.	Жамбыл ауылдық округі	Ш.Ниязбеков ауылындағы мектепке және балабақшаға баратын жол салу	Ағымдағы жылы аудан бюджетінің мүмкіндіктері шектеулі болуына және әлеуметтік маңызы жоғары міндеттемелерді қаржыландыруға басымдық берілуіне байланысты Ш.Ниязбеков ауылындағы мектепке және балабақшаға баратын жол салу жобасын іске асыруға қаржы қарастырылмаған. Осыған байланысты аталған жобаны 2028 жылдан кейін аудан бюджетінің мүмкіндігіне қарай кезең-кезеңімен іске асыру жоспарланып отыр. Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті жобалық және қаржылық мәселелер бюджет мүмкіндіктеріне сәйкес қаралатын болады. <b>Түсіндірілді.</b>
16.	Жамбыл ауылдық округі	Ш.Ниязбеков ауылынан шығаберісіне (арқа) дейін көше жарығын орнату	Ағымдағы жылы аудан бюджетінің мүмкіндіктері шектеулі болуына және әлеуметтік маңызы жоғары міндеттемелерді қаржыландыруға басымдық берілуіне байланысты Ш.Ниязбеков ауылынан шығаберісіне (арқа) дейін көше жарығын орнату жобасын іске асыруға қаржы қарастырылмаған. Осыған байланысты аталған жобаны 2028 жылдан кейін аудан бюджетінің мүмкіндігіне қарай кезең-кезеңімен іске асыру жоспарланып отыр. Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті жобалық және қаржылық мәселелер бюджет мүмкіндіктеріне сәйкес қаралатын болады. <b>Түсіндірілді.</b>
17.	Жамбыл ауылдық округі	Ш.Ниязбеков ауылының тау беткейіндегі кіреберіс жолға қоршау қою	Ағымдағы жылы аудан бюджетінің мүмкіндіктері шектеулі болуына және әлеуметтік маңызы жоғары міндеттемелерді қаржыландыруға басымдық берілуіне байланысты Ш.Ниязбеков ауылының тау беткейіндегі кіреберіс жолға қоршау қою жобасын іске асыруға қаржы қарастырылмаған. Осыған байланысты аталған жобаны 2028 жылдан кейін аудан бюджетінің мүмкіндігіне қарай кезең-кезеңімен іске асыру жоспарланып отыр. Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті жобалық және қаржылық мәселелер бюджет мүмкіндіктеріне сәйкес қаралатын болады. <b>Түсіндірілді.</b>
18.	Айшабибі ауылдық округі	Ш.Аманжолов, Т.Әубәкіров көшелеріне жарық орнату	Ағымдағы жылы аудан бюджетінің мүмкіндіктері шектеулі болуына және әлеуметтік маңызы жоғары міндеттемелерді қаржыландыруға басымдық берілуіне байланысты Айшабибі ауылының Ш.Аманжолов, Т.Әубәкіров көшелеріне жарық орнату жобасын іске асыруға қаржы қарастырылмаған. Осыған байланысты аталған жобаны 2028 жылдан кейін аудан бюджетінің мүмкіндігіне қарай кезең-кезеңімен іске асыру жоспарланып отыр. Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті жобалық және қаржылық мәселелер бюджет мүмкіндіктеріне сәйкес қаралатын болады. <b>Түсіндірілді.</b>
19.	Айшабибі ауылдық округі	Әуликөл ауылына интернет байланысын орнату	Әуликөл ауылында интернет байланысын орнату жұмыстары қазіргі таңда уәкілетті мемлекеттік органдармен және байланыс операторларымен бірлесіп пысықталуда. Қаржыландыру көзі айқындалғаннан кейін тиісті жоспарға енгізіліп, жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады. <b>Орындалу үстінде.</b>
20.	Бесағаш ауылдық округі	Бесағаш ауылындағы ауызсу кірмеген жеке тұрғын үйлерге ауызсу кіргізіп беру	Округ әкімімен Бесағаш ауылындағы ауызсу кірмеген жеке тұрғын үйлерге зерделеу жүргізілді, қазіргі таңда су құбырын тарту жүргізілді. <b>Орындалды.</b>
21.	Бесағаш ауылдық округі	Бесағаш ауылындағы дренаж жүйелерін жөндеу	Ағымдағы жылы аудан бюджетінің мүмкіндіктері шектеулі болуына және әлеуметтік маңызы жоғары міндеттемелерді қаржыландыруға басымдық берілуіне байланысты Бесағаш ауылындағы дренаж жүйелерін жөндеуге қаржы қарастырылмаған. Осыған байланысты аталған жобаны 2028 жылдан кейін аудан бюджетінің мүмкіндігіне қарай кезең-кезеңімен іске асыру жоспарланып отыр. Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті жобалық және қаржылық мәселелер бюджет мүмкіндіктеріне сәйкес қаралатын болады. <b>Түсіндірілді.</b>
22.	Гродиково ауылдық округі	Гродиково ауылындағы Талас және Б.Олжабаев көшелеріне жарық орнату	Ағымдағы жылы аудан бюджетінің мүмкіндіктері шектеулі болуына және әлеуметтік маңызы жоғары міндеттемелерді қаржыландыруға басымдық берілуіне байланысты Гродиково ауылы Талас және Б.Олжабаев көшелеріне жарық орнатуға қаржы қарастырылмаған. Осыған байланысты аталған жобаны 2028 жылдан кейін аудан бюджетінің мүмкіндігіне қарай кезең-кезеңімен іске асыру жоспарланып отыр. Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті жобалық және қаржылық мәселелер бюджет мүмкіндіктеріне сәйкес қаралатын болады. <b>Түсіндірілді.</b>
23.	Гродиково ауылдық округі	Б.Олжабаев көшесіндегі «НұрМерей» бөбекжай-балабақша тұсындағы ескі теректерді кесу	Жамбыл ауданы әкімдігінің тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне хат жіберіліп, аталған ағаштарды санитарлық кесуге рұқсат қағазы берілді. <b>Орындалды.</b>
24.	Гродиково ауылдық округі	Қоғамдық көлік маршрутының Қызылдіхан ауылы арқылы өтуіне ықпал ету	Тараз қаласының автопарк өкіліне сұраныс пен ұсыныс хат жіберілді. <b>Орындалу үстінде.</b>
25.	Қызылқайнар ауылдық округі	Қызылқайнар ауылындағы жаңа тұрғын үй алқабына электр желісін қосу	Қызылқайнар ауылындағы жаңа тұрғын үй массивіндегі жаңадан құрылып жатқан көшелерге электр желілерін тарту мәселесі бойынша тиісті жұмыстарға сметалық құжаттар дайындалып, кезең-кезеңімен қарастырылатын болады. <b>Орындалу үстінде.</b>
26.	Қызылқайнар ауылдық округі	«Ақжар» каналын тазалау	2026 жылдың 21 маусымынан бастап «Казушар» РМК Жамбыл филиалы тарапынан Жасөрген ауылы тұсындағы арнасына механикалық тазалау және жағалауларын нығайту жұмыстары жүргізілуде. <b>Орындалу үстінде.</b>

# БІЗ КЕЗ КЕЛГЕН БЕЛЕСТІ БАҒЫНДЫРАМЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзі

1 ←

Қысқаша айтсақ, отыз жылдың ішінде 3,5 мыңға жуық аса қажетті заң қабылданды. Ал әрбір оныншы заңға депутаттар өздері бастамашы болды. Заң шығару жүйесінің қайнар бастауында бүкіл халқымызға және халықаралық қауымдастыққа танымал саясаткерлеріміз, көрнекті мемлекет қайраткерлері, белгілі қоғам қайраткерлері тұрды. Олардың жемісті еңбегі Парламент тарихында өшпес із қалдырды. Қажырлы қызмет халқымыздың жадында мәңгі сақталып қаларына күмән жоқ.

Парламент әрдайым уақыт талабына тез бейімделіп, қоғам сұранысына лайықты жауап бере алатын жасампаз құрылым болды. Парламент – мемлекетіміздің басты өкілді органы, қоғамның түрлі саласындағы кәсіби мамандарды бір мақсатқа тоғыстырды. Елімізде саяси және заңнамалық тұрғыдан сапасы жоғары парламенттік мәдениет қалыптасты. Бұл – Қазақстанды дамыған ел ретінде айқындайтын ең маңызды көрсеткіштің бірі. Түптеп келгенде, Парламенттің әрбір шақырылымы Қазақстанның алға қарай нық сеніммен қадам басуына зор серпін берді, басқаша айтсақ, ұлтымыздың эволюциялық өрлеу жолының жарқын үлгісіне айналды.

Мен Парламенттегі қайнаған еңбектің, онда қабылданған әрбір заңның Тәуелсіз еліміздің келешегі үшін қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінемін. Осы тарихи сәтке орай, ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, елге мінсіз әрі адал қызмет еткені үшін барлық шақырылымдағы Мәжіліспен Сенат депутаттарына шынайы ризашылығымды білдіремін.

Әсіресе, Парламенттің қазіргі құрамына, яғни сіздерге алғысым зор. Бұл шақырылымды Қазақстанның жана тарихындағы ең мықты құрамның бірі деп сеніммен айтамын. Себебі сіздер мемлекетіміздің дамуындағы өте күрделі және шешуші кезеңде жұмыс істедіңіздер. Баршаңыз ел өмірінде болып жатқан ауқымды өзгерістердің бастауында тұрдыңыздар. Қаншалықты қиын болса да, түбегейлі өзгерістерді жүзеге асыру жолында табанды еңбек еттіңіздер. Сын сағатта жауапкершіліктен жалтармай, мемлекетіміз үшін аса қажетті реформаларды жүргізуге ұйытқы болдыңыздар.

Тек кейінгі үш жылдың өзінде 300-ден астам өте маңызды заң қабылданды. Олардың қатарында еліміздің алдағы биік белестерінің сенімді арқауы болатын, тарихи мәні зор конституциялық заңдар мен кодекстер бар. Біз біртұтас ұлт болып мемлекетімізді түбегейлі жаңғырту ісін қолға алдық. Экономикадан бастап қоғамдық құндылықтар жүйесіне дейін – ел өмірінің барлық саласында ауқымды өзгерістер жасалды. Әрине, дәуірлік ауқымдағы мұндай реформалардың бел ортасында жүру – зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік.

Осы тұрғыдан алғанда, сіздер өздеріңізге жүктелген міндетті абыроймен атқарып шықтыңыздар. Әділетті әрі Қуатты Қазақстанды құру үшін қажырлы еңбек еттіңіздер. Сіздердің табанды, мардымды еңбектеріңіз еліміздің жылнамасында қалатынына күмән болмауы керек. Дегенмен уақыт бір орында тұрмайды, зымырап өтіп жатыр. Көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқан қазіргі кезеңде

шын мәнінде жаңашыл әрі батыл қадамдар жасалуға тиіс. Осы өзекті мәселені мен бұрын да бірнеше рет айтқам. Бұл – заман талабы.

Халықаралық ахуал уақыт өткен сайын күрделеніп, құбылып, тұрақсыздық белең алғанын көріп, біліп отырсыздар. Бұл жағдай жаһандық экономикаға орасан зардабын тигізіп жатыр. Халықаралық валюта қоры мен Біріккен Ұлттар Ұйымының құзырлы агенттіктерінің болжамы бойынша алдағы екі жылда әлем қауымдастығы, соның ішінде жекелеген мемлекеттер экономикалық жоспарларын жүзеге асыру кезінде едәуір қиындыққа тап болуы мүмкін.

Бірақ еңсені түсіріп, үрейге бой алдыруға болмайды. Үкімет елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін барынша белсенді және ширақ жұмыс істеуге тиіс. Инфляцияны тежеп, оны мейлінше төмен деңгейге жеткізген жөн, сондай-ақ экономиканың қарқынын төмендетпей, керісінше, оның көрсеткіштерін ұлғайту қажет.

Бәріңізге белгілі, ертең мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі жаңғырту жұмысы ресми түрде басталады. Мұны кезекті әкімшілік реформа деп түсінуге болмайды. Себебі, бұл – еліміз үшін мүлде жаңа тарихи кезең басталады, яғни мақсаты да, мағынасы да мүлде бөлек, бұрын-соңды болмаған өзгерістер іске асады деген сөз. Басқаша айтсақ, біз қазақ мемлекетімізін «ғимаратына» күрделі жөндеу жүргізуді көздеп отырмыз.

Біз ел Тәуелсіздігінің мығымас тұғыры мен іргетасын көздің қарашығындай сақтап, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіре түсуге міндеттіміз. Бұл – аса маңызды міндет. Оған мемлекеттік қызметте, академиялық институтта, ғылыми және саяси зерттеулер орталықтарында, үкіметтік емес секторда, халықаралық ұйымдарда қызмет ететін, осы іске қатысы бар азаматтардың барлығы атсалысуы қажет.

Былтырғы Жолдауымда Қазақстанды үш жылдың ішінде дамыған цифрлық мемлекетке айналдыру жөнінде міндет қойғанымды білесіздер. Еліміздің келешегі осы мақсатты қалай іске асыратынымызға байланысты. Біз Қазақстанның Тәуелсіздігі мен Егемендігін сенімді түрде қорғау мәселесін әлі түбегейлі шешкен жоқпыз. Мұны ешқашан естен шығармайық. «Жау жоқ деме жар астында» деген тәмсілді әрқашан қаперде ұстаған жөн. Біздің басты мұратымыз – халықтың әлауқатын арттырып, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл көрсеткіштерді ұдайы көтеріп, осы үрдісті үздіксіз жалғастыра беруіміз қажет.

Сондықтан біздің мұндай кезде қол қусырып отыруға құқымыз жоқ. Алдымызда тұрған аса ауқымды әрі күрделі міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін табанды, нәтижелі еңбек етуіміз керек.

Осы тұста бірлесіп атқарған жұмысты қорытындылап, алдағы даму жоспарымызды айқындап алу қажет деп санаймын.

**БІРІНШІ.** Мемлекеттік биліктің жаңа құрылымын қалыптастыру.

Әлгінде айтып өткенімдей, осы шақырылымдағы Парламент депутаттары заң шығару ісінде сапалы жұмыс атқаруымен есте қалады. Депутаттар корпусы өз қызметінде бұрын-соңды болмаған нәтиже көрсетті.



Сіздер Әділетті Қазақстанның негізін қалау үдерісіне, сондай-ақ Конституцияны әзірлеп, қабылдауға зор үлес қостыңыздар. Кез келген депутат саясаткерлер мен қоғам қайраткерлерінің келесі буынына, балалары мен немерелеріне: «Мен 2026 жылы қабылданған Конституцияны дайындауға тікелей қатысқанмын» деп еш ұялмай айта алады.

Жалпы, депутаттық корпус парламенттік реформаны толық қолдады. Сол арқылы саяси және азаматтық жауапкершілік танытып, ұлт мүддесі бәрінен биік тұратынын бүкіл әлемге паш етті. Осында отырған біраз депутат Конституциялық комиссия құрамында болды. Сіздер азаматтармен кездесіп, мемлекетіміздің тұрпатын өзгертетін, экономикалық әлеуетін күшейтетін реформалардың мән-маңызын жұртшылыққа жан-жақты түсіндіріп бердіңіздер.

Сіздер жалпыхалықтық референдумда Ата заңымыз қабылданған соң мемлекетіміздің құқықтық жүйесін жедел әрі сапалы жаңарту жұмысын жүргіздіңіздер. Өте қысқа мерзімде еліміздің заңнамасын жаңа Конституция нормаларына сай өзгерту жұмысын атқардыңыздар. Атап айтқанда, Парламент 9 заң топтамасын, соның ішінде 6 конституциялық заңды шұғыл әзірлеп, қабылдады. Нәтижесінде мемлекеттік биліктің «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» деген базалық формуласы толыққанды институционалдық мәнге ие болды.

Жаңарған билік тармақтарының теңгерімді жүйесінде Президент Тәуелсіздік пен мемлекет тұтастығының символы, Конституцияны және азаматтардың заңды құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі ретінде бұрынғыдай басты рөл атқарады.

Қазақстан президенттік республика болып қала береді. Мұны түсіну, ескеру өте маңызды. Яғни Президент – мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы, Қарулы күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы, барлық құқық қорғау органдарының басшыларын тағайындайды, елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, Қазақстан атынан халықаралық аренада өкілдік етеді.

Сонымен қатар жаңғырту жұмыстары парламенттік жүйені одан әрі трансформациялау тетіктерін де қарастырады. Құрылтайдың алдында барлық бюрократиялық рәсім түріндегі

кедергілерді жою, заң шығару ісінің жеделдігі мен сапасын арттыру, білікті сарапшылардың және консультанттардың қызметін тиімді ұйымдастыру міндеті тұр.

Жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде Құрылтайға ұлттық заңнаманы тез өзгеріп жатқан цифрлық матрица жағдайына шұғыл бейімдеу үшін қарқынды жұмыс істеуге тура келеді. Бұл – өте маңызды. Қазақстанның жаһандық бәсекеге қаншалықты дайын екені осыдан көрінеді.

Құрылтай технологиялық прогрестің жетекші факторы болады деп үміттенемін.

Былтыр қазан айында өткен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының қазіргі отырысында мен толыққанды e-Parlament жүйесін енгізу мәселесін көтерген едім. Қазақстан e-Government, яғни Электрондық үкіметтің даму деңгейі бойынша жаһандық рейтингте әлемдегі үздік 25 елдің қатарына кірді. Енді Электрондық Парламентті қалыптастыруға және дамытуға көп күш-жігер жұмсауымыз қажет.

Жаңадан сайланған депутаттар заң шығару ісінде болжамды сараптамаға, Үлкен дерекқорды басқару арқылы кез келген шешімнің экономикалық салдары мен әлеуметтік тәуекелдерін модельдеуге баса мән беруі керек. Маңызды заң жобаларын сарапшылармен және жауапты қоғам белсенділерімен бірге талқылаған жөн. Цифрлық құралдарды пайдалану қажет. Бұл пікірталасқа қатысушылар санын көбейтіп, мәселені нағыз қоғамдық талқыға салуға мүмкіндік береді.

Құрылтай жалпыұлттық деңгейдегі ашық диалог алаңы ретінде қызмет етіп, қоғамды толғандырған өзекті мәселелерге дер кезінде назар аударуы қажет. Бұл – азаматтардың дәйекті өтініштері міндетті түрде ескеріліп, нақты нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау арқылы мемлекеттік мекемелерге тиісті тапсырмалар берілуі керек деген сөз.

Шын мәнінде, тиімді жұмыс істейтін қоғамдық институттары болса ғана, Озық және Әділетті мемлекет қалыптасады. Сол себепті, мен жаңа конституциялық орган – Қазақстан Халық Кеңесін құруды ұсындым. Қазақстан Халық Кеңесі мәслихаттардың қоғамдық кеңестердің, сарапшылар алаңы мен азаматтық қоғам ұйымдары өкілдерінің басын біріктіреді. Бұрын Қазақстан

халқы ассамблеясына тиесілі болған қызметтік міндеттер енді Халық Кеңесіне өтеді. Осылайша, құрылым форматы өзгергенімен, жалпыұлттық бірлігіміздің мәні ішкі саясатымыздың маңызды бағыты ретінде сақталады.

Халық Кеңесі – тарихымызда алғаш рет конституциялық деңгейде құрылған диалог алаңы. Көпұлтты және әралуан Қазақстанымыздың символы. Бұрын шақырылған болған құрылымдар заң шығару бастамасын көтеру құқығына ие болатын Жоғары консультативтік органның аясына бірігеді. Демек халықтың үніне құлақ асу мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігіне айналады.

Елімізде жүргізілген реформалардың ең басты нәтижесі – азаматтардың маңызды мемлекеттік шешімдерді қабылдау үдерісіне қатыса алуы. Халықтың өз қиындықтарын тікелей білдіру тетігі отыз жылға жуық уақыт бойы қолданылмай келді. Тек соңғы жылдары ғана саяси тәжірибе бізге енді. 2022 жылдан бері ел тағдырына әсер ететін маңызды мәселелер бойынша үш рет жалпыұлттық референдум өтті.

Бұл орайда менің ұстанымым бұрынғыдай: елдегі өзгерістердің иесі халық болуға тиіс. Алайда билік нақты бастамалар көтере алады әрі солай болуы керек. Қазірдің өзінде елімізде жүзеге асырылған реформалар билік институттарының орнықты тежемелік және теңгерім жүйесін қалыптастырды, мемлекеттік басқару сапасын арттырды деп сеніммен айта аламыз. Ал реформалардың басты мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру, өңір тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл үшін Үкімет, заң шығарушы орган, тұтас қоғам жұмыла еңбек етуі қажет.

**ЕКІНШІ** мәселе. Қазақстан экономикасын жаңа үлгіге көшіру.

Бұл – аса маңызды стратегиялық міндет. Оған жедел түрде қол жеткізу үшін жаңа көзқарас, жаңа ұстаным қажет. Бұрынғы жұмыс тәсілдері мен әдістері тиімді болмайтыны анық. Бұған дейін де айттым: жаһандық жағдай, жалпы халықаралық ахуал жыл өткен сайын ушығып барады. Түрлі қақтығыстар мен сын-қатерлер аз емес. Бірақ біз соған қарамастан, салықалы саясат жүргізіп, нық сеніммен алға қадам басып келеміз. Біз бұл саясатты берік ұстануымыз қажет. Былтыр экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Мұны әлем елдерінің даму қарқынымен салыстырғанда жоғары көрсеткіш деуге болады.

# БІЗ КЕЗ КЕЛГЕН БЕЛЕСТІ БАҒЫНДЫРАМЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзі

1, 4 ←

Жалпы ішкі өнім ел тарихында алғаш рет 300 миллиард доллардан асты. Оның жан басына шаққандағы үлесі 15 мың доллардан асып, 2019 жылдан бері бір жарым есе артты. Бұл – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасындағы ең жоғары нәтиженің бірі.

Инфляция бағамы төмендеді: биылғы бес айдың қорытындысы бойынша оның деңгейі 10,4 пайызға дейін түсті. Бірақ бұл көрсеткішті әлі де төмендету керек. Қазақстанның қаржы жүйесі тұрақты. Ұлттық валютамыз да өз тұғырында нық тұр, сыртқы қауіп-қатерлерден сенімді түрде қорғалған деп айтсақ, қате болмайды.

Жалпы, Парламент Үкіметпен және Ұлттық банкпен бірлесіп, тиімді жұмыс атқарды. Қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе – Ұлттық банктің негізгі пайыздық ставкасы. Бұл мәселені пайымдап шешу керек. Өздеріңіз қабылдаған Бюджет және Салық кодекстеріне сәйкес еліміздің экономикалық жүйесі толығымен қайта жаңғырды және мемлекет қаржысын басқаруға қатысты ұстаным түбегейлі өзгерді. Осылайша, Қазақстан экономикасының жаңа келбетіне жол ашуға қажетті негіз қалыптасты.

Елімізде көлік, тұрмыстық техникалар, жүк вагондарын, құрылыс материалдарын және басқа да сапалы өнімдер шығаратын заманауи зауыттар ашылып жатыр. Тек 2023-2025 жылдардың ішінде 540 индустриялық жоба жүзеге асырылды. Олардың жалпы құны 3,7 триллион теңге болды. Алдағы екі жылда тағы 200-ден астам өндіріс орны іске қосылмақ. Осы мақсатқа шамамен 3 триллион теңге инвестиция тартылады. Бұл – қазынаға түсетін салық көлемі артады, өндіріске озық технологиялар енгізіледі және ең бастысы, жаңа жұмыс орындары ашылады деген сөз. Іске қосылған жобалардың арқасында қазірдің өзінде 50 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны пайда болды. Қалған жобалар жүзеге асқан соң тағы 20 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылады.

Мемлекет отандық кәсіпкерлерді қолдауға баса мән беруде. Осы мақсатқа қомақты қаржы бөлініп жатыр. Жалпы, Қазақстандағы жұмысқа жарамды азаматтардың жартысына жуығы табысын шағын және орта бизнестен тауып отыр.

Соңғы бес жылда осы секторда еңбек ететін адам саны 4,5 миллионға жетті. Жалпы ішкі өнімнің 40 пайыздан астамы шағын және орта бизнес саласына тиесілі. Мұны рекордтық көрсеткіш деп айтуға толық негіз бар. Былтыр «Бөйтерек» холдингі арқылы кәсіпкерлерге 8 триллион теңге көлемінде қолдау көрсетілді.

Сонымен қатар елімізде түбегейлі жаңа Құрылыс және Су кодекстері қабылданды. Стратегиялық маңызы айрықша салаларды ретке келтіру үшін қабылданған құжаттардың маңызы зор.

Былтыр Қазақстанда 20 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Бұл да – тарихымыздағы ең жоғары көрсеткіш. Ең басты нәтиже – мыңдаған отбасы баспаналы болды.

Біз қалаларды абаттандырумен қатар, ауылдардың жағдайын

жақсартуға басымдық беріп келеміз. Биыл шалғай елді мекендерде тұратын жарты миллионнан астам адамды ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін 12 ірі жоба іске қосылады.

Мемлекет ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге бұрын-соңды болмаған ауқымда қолдау көрсетіп жатыр. Өткен жылы агроөнеркәсіп саласына жеңілдетілген несие беру үшін 1 триллион теңге қаржы тартылды. Осылайша, шаруалар алғаш рет жылына 5 пайыздық мөлшермен «ұзақмерзімді» қаражат алу мүмкіндігіне ие болды. Мұндай қадам ауыл шаруашылығы саласын жаңғыртуға ықпал еткені сөзсіз.

Осындай шаралардың арқасында агроөнеркәсіп кешеніне тиесілі жалпы өнім құны шамамен 10 триллион теңгеге жетті. Ал экспорт көлемі 1,3 есе артып, 7 миллиард доллар табыс түсті. Бұл – соңғы он жылдағы ең жоғары көрсеткіш.

Озық технологиялар саласы да қарқынды дамып келеді. Әсіресе, отандық фармацевтика бағытында біраз жетістіктеріміз бар. Фармацевтика индустриясына сенім деңгейі бойынша Қазақстан Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасында көш бастап тұр. Мұндай бағаны Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы беріп отыр. Отандық дәрі-дәрмек нарығының көлемі 1 триллион теңгеден асты. Кейінгі үш жылда бұл салаға тартылған шетелдік инвестиция көлемі үш еседен астам ұлғайды. Алайда, бұған мән болып отыра беруге болмайды, алдымызда тұрған міндет аз емес, қойылған мақсаттарға міндетті түрде жетуіміз керек.

Мен осыған дейін елімізде жаңа инвестициялық кезең басталатынын айтқан едім. Біз сол арқылы экономикамызды әртараптандыруды көздеп отырмыз. Әртараптандыру, яғни, диверсификация дегеніміз, бұл – жай ғана ұран немесе жағымды сөз емес, бұл – өте күрделі және жауапты міндет, оған үстірт қарауға болмайды. Былтыр Қазақстанға тартылған тікелей шетел инвестициясының көлемі 14 пайызға артып, 20 миллиард доллардан асты. Ең бастысы, капитал негізінен өңдеу өнеркәсібі, көлік-логистика, қаржы және цифрлық инфрақұрылым сынды келешегі зор салаларға бағытталуда. Бұл ел дамуы үшін өте жақсы үдеріс екені сөзсіз.

Осы орайда, мен мамыр айында қол қойған «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңның маңызы зор. Аталған заң шетелдік және отандық бизнес үшін тың мүмкіндіктерге жол ашады. Сондықтан бұл бірегей заңнамалық актінің әлеуетін дұрыс пайдаланған жөн.

Дамуы қарқынды цифрлық мегаполистер, инновациялық кластерлер және өнімділігі жоғары индустрия қалыптастыру Қазақстанды Еуразиядағы технологиялық тұрғыдан өркендеген іскерлік хабқа айналдыруды көздейді. Кен байтақ өңірімізде бұрын-соңды болмаған бұл жоба табысты іске асқан жағдайда (Ал біз мұны сәтті жүзеге асыруға міндеттіміз), орнықты экономикалық өсімнің мүлдем жаңа моделі пайда болады.

**ҮШІНШІ** міндет. Еліміздің энергетикалық және инфрақұрылымдық негізін нығайту.

Экономиканың жаңа үлгісіне көшу үшін алдымен энергетикалық, инженерлік және көлік-логистикалық инфрақұрылымды толыққанды дамыту қажет. Бұл маңызды ұштаған кез келген елдің, соның ішінде Қазақстанның да негізгі тірегі саналады. Сондықтан біз энергетикалық және коммуналдық салаларды жан-жақты жаңғырту жұмысын қолға алдық. Осы мақсатта бұрын-соңды болмаған ауқымдағы Ұлттық жобаны іске асыру туралы шешім қабылданды. Оны жүзеге асыру үшін тек биылдың өзінде 1 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланып отыр.

Артық шығынға әкеп соғатын тиімсіз «әрлеу, яғни жөндеу» тәсілінен бас тартып, өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін барлық нысандар мен жүйелерді түбегейлі жаңғырту жұмысы жүргізілетін болды.

Қазақстанның энергетикалық балансында көмір, мұнай, газ секілді отын түрлері басым. Көмірсутегі ұлттық экономиканың негізін құрап, бюджетке валюталық түсімнің қомақты бөлігін қамтамасыз етеді. Мұнай-газ шикізаты – экспорттан пайда әкелуінен қатар қалаларымыз бен ауылдарымызды қамтамасыз ететін бағасы қолжетімді жылу мен қуат көзі. Сондықтан біз елді мекендерге газ құбырын тартуды жеделдетуді жоспарлап отырмыз. Көгілдір отынмен қамту көрсеткішін (қазір 65 пайызға жуық) 80 пайызға дейін арттыру міндеті қойылды.

Үкімет дәстүрлі қуат көздерімен бірге «жасыл» энергетикаға баса мән беріп отыр. Оның энергетикалық теңгерімдегі үлесі 7 пайызға жетті. Қарқынды өсіп келе жатқан экономиканы қамтамасыз ету үшін 2029 жылға қарай 13 гигаваттан астам жаңа қуат көздерін іске қосу жоспарланған. Осы орайда, олардың кемінде төрттен бірі жаңартылатын энергия көздері есебінен жүзеге асырылмақ. Әйтсе де пайдалы қазбаларымыз, соның ішінде көмірдің мол қоры – табиғат сыйлаған артықшылығымыз саналады. Мұны толық пайдалануымыз керек. Сондықтан биыл наурыз айында Таза көмір генерациясы жөніндегі ұлттық жоба қабылданды.

Алдағы үш жылда Көкшетау, Семей және Өскемен қалаларында жоғары экологиялық стандарттарға сай келетін технологияларды пайдаланатын үш жылу электр станциясын салуымыз керек. Мұны созуға болмайды. Әйтпесе істен гөрі сөз көбейіп кетті.

Қазақстан әлемде уран өндіру бойынша көшбасшы және ядролық инфрақұрылымы бар ел саналады. Сондықтан атом генерациясын өте дұрыс таңдадық. 2024 жылғы тарихи референдум кезінде халық қабылдаған шешім, шын мәнінде, өркениетті сипатқа ие. Бұл – елдің энергетикалық дербестігінің кепілі, қуатты көп тұтынатын келешек цифрлық экономиканың сенімді тірегі. Келесі жылы алғашқы атом электр станциясының құрылысы басталады.

Біз еліміздің инфрақұрылымдық арқауының тағы бір мызғымас тірегі – көлік-логистика саласына баса назар аударуымыз керек. Бұл сала стратегиялық маңызға ие. Біздің аймақтағы барлық елдер де осы бағытта ден қойып жатыр, сондықтан, бәсеке күшеюде.

Теміржол саласының жүк тасымалындағы рөлін ескере отырып, мемлекет жаңа магистральдар мен вокзалдар салуға және оларды жаңғыртуға баса мән беріп отыр. Былтыр Достық – Мойынты бағытының екінші желісі және Алматы қаласын айналып өтетін теміржол іске қосылды. Биыл Мойынты – Қызылжар және Дарбаза – Мақтаарал, келесі жылы Бақты – Аягөз теміржолдарының құрылысы аяқталады.

Еліміздегі автокөлік жолдарының сапасын жақсарту міндетін де орындауымыз керек. Былтыр 13 мың шақырым автокөлік жолын жөндеу жұмысы басталды. Оның 6 мың шақырымы қолданысқа берілді. Мұндай ауқымды жұмыс ел тарихында бірінші рет жасалды. Келесі жылы автокөліктерді өткізу бекеттерін жаңғырту ісі аяқталуы керек.

Соңғы бес жылда ел аумағы арқылы автокөлікпен тасымалданатын жүк көлемі екі есе артып, 6 миллион тоннаға жетті. Былтыр автокөлікпен жүк тасымалдаушылардың табысы 1,5 триллион теңге болды. Бұл – теміржол саласындағы кіріспен шамалас көрсеткіш. Осының өзі отандық автокөлік тасымалы саласының әлеуеті зор екенін көрсетеді. Демек мұндай кәсіпкерлерді барынша қолдау керек.

Авиация саласындағы табысымыз да көбеюде. Елімізде жаңа ұшу бағыттары ашылып жатыр. Толыққанды әуе хабтарын қалыптастыру үшін нақты жұмыс жүргізілуде. Әрине, осы тұрғыдан алғанда, Астана қаласында жаңа әуежай салу – кезек күттірмейтін міндет. Көп ұзамай оның құрылысы басталуы қажет. Әуе кеңістігі арқылы жүк тасымалдайтын арнайы компания құру өте орынды шешім болды деп санаймын. Бұл маңызды қадам халықаралық логистикадағы әлеуетімізді күшейтуге ықпал етері сөзсіз.

Біз аймақтағы мұнай-газ өндіретін жетекші мемлекет ретінде авиацияға қатысты мәселелерді толық шешуге мүмкіндік беретін мықты инфрақұрылым қалыптастыруымыз қажет. Бұл – аса маңызды және шұғыл міндет.

Бәріңізге мәлім, мен жақында Брюссельге жұмыс сапарымен барып, Еуропалық Одақтың басшыларымен келіссөздер жүргіздім. Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту мәселесіне баса мән берілді. Орта дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі кейінгі алты жылда бес есе ұлғайып, бір жылда 4 миллион тоннадан асты. Бұл, негізінен, теңіз тасымалын дамыту және порт инфрақұрылымын жаңғыртудың арқасында мүмкін болды.

Әрине, Парламент тарапынан жасалған заңнамалық қолдау осы саланың қарқынды дамуына күшті серпіліс берді. Атап айтқанда, 2023 жылдан бері көлік-логистика секторын жан-жақты дамытуға бағытталған 8 заң қабылданды. Бірқатар халықаралық келісім де ратификацияланды. Осындай нақты шараларды қабылдау арқылы Қазақстан аймақтағы сенімді энергетика донорына айналмақ. Сондай-ақ еліміз алдағы уақытта аймақтағы жетекші көлік-логистика торабы ретінде жоғары қарқынмен дамитын болады. Бұл – Үкімет алдында тұрған айрықша маңызды міндет. Жалпы, біздің алдымызда аса маңызды, өте жауапты және шұғыл міндет бар: бұл – кең ауқымды құрылыс

жүргізу. Елімізде неғұрлым құрылыс көп болса, Қазақстан да соғұрлым өркендей береді. Ең алдымен, бұл – негізгі инфрақұрылымға қатысты мақсат. Біз теміржолдарды, автожолдарды, әуежайларды, вокзалдарды, сумен қамтамасыз ететін ірі құрылғыларды, өндіріс және өнім кәсіпорындарын, қала ғимараттарын және тағы басқа нысандарды жоғары қарқынмен салуымыз керек. Қаражат деген уақытша дүние, оның құны жыл сайын төмендеп бара жатыр, ал оны тиімді пайдалану, бұл – нақты нәтижелерге қол жеткізу, тиісті нысандарды өскелең ұрпақтарға аманат етіп қалдыру деген сөз.

Әлеуметтік мемлекет боламыз деп, қаражатты талан-таражға салуға болмайды. Осындай қысқа, шалақ ойлы саясатты біздің ұрпақтарымыз түсінбейді де, кешірмейді де. Басқа сөзбен айтқанда, Қазақстанды үлкен құрылыс алаңына айналдыруымыз керек.

**ТӨРТІНШІ.** Алдымызда толыққанды цифрлық мемлекет құру міндеті тұр.

Сіздерді тыннан түрен салып, цифрлық дәуірге жол ашқан депутаттар деуге болады. Біздің елімізде болсын, әлемде болсын – жалпы еш жерде жасанды интеллектті заң тұрғысынан реттейтін дайын үлгі немесе тәсіл болған жоқ. Соған қарамастан, сіздер еліміздің осы саладағы өсіп-өркендеуіне берік негіз болатын тиімді құқықтық жүйені құруға елеулі үлес қостыңыздар. Мен Мемлекет басшысы ретінде мұны жоғары бағалаймын.

Жаңа Конституция азаматтардың киберкеңістіктегі дербес деректерін қорғауға кепілдік береді. Бұл – Цифрлық Қазақстанды құрудың негізгі алғышарты. Қазақстан мүлдем жаңа сипаттағы Цифрлық кодекс пен «Жасанды интеллект туралы» Заң қабылдаған жағдайдағы алғашқы елдердің бірі. Бұл қадам толыққанды Цифрлық ел болу үшін заманауи инфрақұрылымдық негіз қалыптастыруға мүмкіндік берді. Біз қазірдің өзінде осы жұмыстың нақты нәтижесін көріп отырмыз.

Бүгінде еліміз «Үкіметтің жасанды интеллектіге дайындық индексіне» сәйкес Орталық Азияда алдыңғы қатарда тұр. Бірақ бұл – үлкен жолдың басы ғана. Алдағы ауқымды жұмыстың негізгі бағыт-бағдары «Digital Qazaqstan» жалпыұлттық стратегиясында айқындалды. Мен бұл құжатты маусым айының басында бекіттім.

Біз жасанды интеллектіні экономиканың барлық негізгі саласына енгізіп, мемлекеттік басқарудың сапасын түбегейлі жақсартуымыз керек. Осы бағытта алғашқы маңызды шаралар қолға алынды. Мен қаңтар айында банк қызметі саласына қатысты жаңа заңдарға қол қойдым. Сол арқылы цифрлық қаржы активтерін айналымға енгізудің нақты шарттары айқындалды.

С о н д а й - а қ м е н ің тапсырмаммен еліміздің құқықтық негізін жүйелеп, толыққанды жаңғыртуға мүмкіндік беретін Реттеу жөніндегі интеллект орталығы құрылды. Бұл қадам кәсіпкерлердің жұмысын едәуір жеңілдетпек. «Бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсететін «e-Government Business» экожүйесін дамыту арқылы бизнес үшін қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік туады.

# БІЗ КЕЗ КЕЛГЕН БЕЛЕСТІ БАҒЫНДЫРАМЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзі

1, 4-5 ←

Еліміздегі цифрлық банктер мен финтех-компаниялар тұтынушыларға және кәсіпкерлерге арналған қолайлы экожүйенің негізін қалады. Қаржы, сауда жүйелері және мемлекеттік қызметтер арасында кедергісіз цифрлық кеңістік қалыптасты. Соның нәтижесінде соңғы бес жылда электронды коммерция нарығы шамамен сегіз есе ұлғайып, 3,7 триллион теңгеге жетті. Бұл – еліміздегі бөлшек сауда көлемінің шамамен 15 пайызы.

Мұның бәрі азаматтарымыздың цифрлық жүйелерге деген сенімі жоғары екенін және олардың тұтынушылық мәдениеті өзгере бастағанын көрсетеді. Осы қарқынды бәсеңдетпеу үшін мемлекет тиісті инфрақұрылымды үздіксіз дамытып отыруы керек. Қуатты суперкомпьютерлерді іске қосу бұл бағыттағы маңызды қадам болды. Ол жасанды интеллект жөніндегі теориялық тұжырымдарды мемлекеттік басқаруға, экономикаға және ұлттық қауіпсіздікке арналған қолданбалы шешімдерге ұластырды. Дегенмен жасанды интеллект мол қуат пен есептеу кеңістігін қажет етеді. Дәл осы себепті «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы» мегажобасын қолға алудың мәні зор. Аталған жоба әлемдегі жетекші Big Tech-корпорацияларды тартатын жойқын гравитациялық алаңға айналады. Үкімет бұл міндетті айрықша бақылауда ұстауы керек. Оның орындалуын ұдайы қадағалап отырамын.

Шын мәнінде, қазір Жаңа Жібек жолының жоғары технологиялық хабы ретінде еліміздің цифрлық дербестігінің іргесі қаланып жатыр. Бұл ретте ең қуатты компьютерлерде, озық дата-орталықтарда жұмыс істейтін маман болмаса, қаржы желге ұшатынын ұмытпауымыз керек. Сондықтан болашақ архитекторлар мен бағдарлама әзірлеушілерін мектеп партасынан бастап даярлауға кірістік. Alem.ai халықаралық жасанды интеллект орталығының жанынан екі инновациялық мектеп ашылды. Осы оқу жылында Жасанды интеллект университеті ашылады. Бұл – аталған салаға маман даярлайтын Орталық Азиядағы тұңғыш арнаулы оқу орны болмақ.

Цифрлық трансформация дегеніміз – жоғарыдан төмен қарай барлық басқару тармақтарын, тіпті халықтың басым бөлігін қамтитын ашық әрі қарқынды үдеріс. Қазірдің өзінде жоғары лауазымды басшылардан бастап ауыл әкімдеріне дейін он мыңдаған мемлекеттік қызметші осы салалық білім беру бағдарламасына қатысып жатыр. Біз мемлекеттік басқарудың логикасы мен философиясын түбегейлі өзгертуіміз керек. Әдеттегі бюрократиядан арылып, тиімділігі жоғары «Мемлекет-платформа» (GovTech) сервистік парадигмасына батыл түрде көшуіміз қажет. Түпкі мақсатымыз – жаһандық технологиялық ландшафтта орныққан, ұлттық мүддені табанды түрде қорғап, ілгерілететін, азаматтарына мүлтіксіз қызмет ететін озық цифрлық мемлекет құру.

**БЕСІНШІ** мәселе. Бұл – адам капиталын дамыту.

XXI ғасырда шикізатқа немесе халық санына ғана сеніп отыра беруге болмайды. Мұндай ұстаным кез келген мемлекетті жарға жығады. Мен бұл туралы үнемі айтып келемін. Қазір де қайталаймын: инфляцияға тәуелді емес бір ғана капитал бар: бұл – адам әлеуетінің сапасы.

Сондықтан біз әлеуметтік салаға бірден-бір стратегиялық бағыт ретінде қараймыз. Бүгінде мемлекет азаматтарды жан-жақты дамытуды көздейтін негізгі салалардың барлығына қомақты қаражат бөліп отыр. Соның ішінде ғылым мен білім, мәдениет пен денсаулық, спорт және әлеуметтік қолдау саласын ерекше атап өткен жөн. Былдың өзінде осы стратегиялық мақсатқа 19 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланып отыр. Бұл – мемлекет бюджетінің жартысынан көбі деген сөз.

Расында, Қазақстан – әлеуметтік салаға айрықша мән беріп, жүйелі әрі байыпты саясат жүргізіп келе жатқан әлемдегі аз ғана мемлекеттің бірі. Осы орайда, Парламенттің әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға және қоғамда әділдік қағидатын орнықтыруға ерекше үлес

қосқанын атап өткен жөн. Бірақ біз мына нәрсені дұрыс түсінуіміз керек: шынайы әділеттілік дегеніміз ел игілігін бәріне бірдей бөліп бере салу емес. Нағыз әділеттілік – әрбір азаматқа тең мүмкіндік беретін тиімді әрі мұқият ойластырылған жүйе құру деген сөз. Ең бастысы, барлығы заң алдында тең болуға тиіс. Бұл – Әділетті Қазақстанның мызғымас қағидаты.

Парламенттің «Заңсыз иемделген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңды қабылдауы – осы қағидаттың нақты көрінісі. Аталған Заң аясында елге триллион теңгеден астам қаражат қайтарылды. Қазірдің өзінде осы қаржының жартысынан көбі халық игілігіне жұмсалды. Соның есебінен 450 аса маңызды әлеуметтік және коммуналдық нысан салынды.

Біз арнайы конституциялық нормаға сүйене отырып, табиғи байлықты азаматтардың бастапқы капиталы ретінде бекіттік. Қазақстан – осындай бірегей бастаманы іске асырған аймақтағы алғашқы мемлекет. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы – соның айқын дәлелі. Бұл жобаның тиімділігі жоғары: үш жылдың ішінде 6,5 миллион баланың есепшотына 2,3 миллиард доллар аударылды. Сондай-ақ біз қамқорлық шараларының нақты жалғасы ретінде «Келешек» жинақтау жүйесін іске қостық. Дарынды балаларға, соның ішінде халықаралық олимпиада жеңімпаздарына жүйелі түрде қолдау көрсете бастадық. Болашаққа инвестиция салу дегеніміз де – осы. Ал, айналамызда, яғни Еуразия құрлығында қай мемлекет әлеуметтік мақсаттарға осыншама қомақты қаражатты бөліп беріп жатыр? Жауап белгілі сияқты.

Біз қазір білім экономикасы үстемдік құрған дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Осындай кезеңде технологиялық дербестігімізді күшейте түсу үшін ғылым саласын және жоғарғы мектеп жүйесін дамытуға баса назар аударуымыз қажет. Соған сәйкес біз еліміздегі университеттерді жаңғырту жұмысын қолға алдық. Бұдан бөлек, шетелдік жетекші жоғары оқу орындарының филиалдары ашылып жатыр.

Өздеріңіз мақұлдап, қабылдаған «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң ғылыми инфрақұрылымды жақсартып, жас ғалымдарға мол мүмкіндіктер беруге зор ықпал етуде. Жалпы, алдымызда ғылым деңгейін, оның тиімділігін барынша көтеруге қатысты маңызды мақсат тұр.

Әрине, кез келген ұлттың зияткерлік әлеуеті сол елдегі орта білімнің деңгейімен өлшенетіні ақиқат. Соңғы үш жылда республика бойынша 584 заманауи мектеп салынды. Әрбір үшінші мектеп инновациялық үлгідегі «Келешек мектептері» жобасы аясында бой көтерді. Биыл тағы 84 мектеп ашылады. Оның жартысынан көбі ауылдық жерлерде салынып жатқанын атап өту қажет.

Отандық медицина саласы да дамып келеді. Жалпы, 2019 жылдан бері елімізде шамамен 1300 денсаулық сақтау нысаны ашылды. Азаматтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 76 жасқа жуықтады. Дүниежүзілік банктің мәліметіне сәйкес, осы көрсеткіш бойынша Қазақстан осы аймақта көш бастап тұр. Бұл ел дамуының нақты көрінісі екені сөзсіз.

Азаматтардың бәріне сақтандыру мәртебесіне қарамастан базалық медициналық көмек алуға кепілдік берілген. Бұдан бөлек, отандастарымызға нейрохирургиядан бастап репродуктивті медицинаға дейінгі ең жоғары технологиялық медициналық ем-шаралардың барлығы қолжетімді.

Сонымен қатар қоғамға қызмет ету жолын тандағандардың алаңсыз еңбек етуіне лайықты жағдай жасап жатырмыз. Нақты қадамдар арқылы ұстаздар мен дәрігерлердің беделін арттыра береміз. Мұғалімдердің, медициналық және әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы кезең-кезеңімен көтеріліп келеді. Соңғы үш жылда 1,2 миллионнан астам адамның еңбекақысы 50 пайыздан 100 пайызға дейін артты.

Қазақстанда атаулы әлеуметтік көмектің көп деңгейлі жүйесі қолға қойылған. Бұл көмек шын мұқтаж адамдарға берілуге тиіс. Көмек «Отбасының цифрлық картасы» технологиялық шешімі арқылы көрсетіледі.

П а р л а м е н т д е п у т а т т а р ы н ы ң

табандылығы арқасында зиянды өндірісте еңбек ететіндердің мәселесі шешілді. Бұл жиі көтеріліп, әбден жауыр болған түйткіл еді. Енді өндіріс еңбеккерлері арнайы әлеуметтік төлем алуға, 55 жастан бастап зейнетке шыққанға дейін жеңілдік жұмысқа ауысуға заң жүзінде қақылы.

Әйелдер мен балалардың құқығын қорғауға, халықтың шамадан тыс кредит алуын азайтуға, ойынқұмарлыққа, есірткі қылмысына және кибералайыққа қарсы күрес шараларына қатысты қабылданған заңнамалық шешімдеріңіз жұртшылықтың кең қолдауына ие болды.

Біздің басты стратегиялық мақсатымыз – жоғары конституциялық қағидаттарды іске асыра алатын білімді, дені сау, зияткер әрі озық ойлы ұрпақ тәрбиелеу. Қашанда жаңашылдыққа ұмтылатын жасампаз ел болу үшін біз ең алдымен мызғымас құндылықтарымызға, бай тарихымыз бен мәдени мұрамызға арқа сүйеуіміз қажет.

Бірнеше күннен кейін бәріміз бір ел болып «Ұлттық домбыра күнін» атап өтеміз. Бұл – болмысымызды айшықтайтын, жұртымыздың, әсіресе, өскелең ұрпақтың рухын көтеретін айрықша мереке. Көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлінің «Нағыз қазақ – домбыра» деп жырлауы тегін емес. Расында, домбыраны ұлықтау арқылы біз төл өнерімізді төрге оздырамыз. Домбыра кәстерлі құндылығымыз ретінде ұлтымызды әлемге танытатын бірегей брендке айналуы керек.

Жалпы, мемлекет руханият саласын дамытуға әрдайым баса назар аударып келеді. Бұл тағылымды іске депутаттар корпусы – сіздер де зор үлес қостыңыздар. Әрине, сіздер атқарған ауқымды жұмыстың мән-маңызын бір ғана жиынның аясында жеткізу мүмкін емес.

Парламент мен атап өткен заңнамалық жұмыстан бөлек, көптеген өзекті мәселені айрықша назарда ұстады. Сегізінші шақырылым депутаттары Үкіметке 2 мыңнан астам сауал жолдады. Сондай-ақ 31 Үкімет сағатын және 9 Парламент тыңдауын өткізді. Қос палатаның комитеттері белсенді әрі жемісті жұмыс істеді.

Бір палаталы Құрылтай жүйесіне көшкен соң заң шығарушы органның комитеттері де мемлекет саясатының басым бағыттарын негізге ала отырып, құрылғаны жөн. Осы жылдар ішінде депутаттық корпус азаматтармен ашық әрі тиімді байланыс жүйесін қалыптастырды. Атап айтқанда, партия жобаларын табысты жүзеге асырды. Сондай-ақ тұрақты түрде аймақтарға барып, жұртшылықпен кездесіп отырды. Қоғамдық қабылдаулар кезінде азаматтардың талап-тілектерін назарға алып, өзекті мәселелердің шешім табуына ықпал етті.

Парламент беделді ғалымдарды, байыпты сарапшыларды және қоғам белсенділерін ортақ мүддеге біріктірген орталыққа айналды. Сенат жанындағы сарапшылар клубы мен Мәжіліс жанындағы қоғамдық палата осы бірегей зияткерлік экожүйенің берік тірегі болды. Бұл құрылымдар сындарлы диалогті дамытып, заң жобаларын жан-жақты талдауға жол ашты.

«Адал азамат» тұжырымдамасы мен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы қоғамда жаңа этиканы қалыптастыруға арқау болды. Депутаттар осы жалпыұлттық бастамалардың мән-маңызын халыққа түсіндіруге және іске асыруға белсене атсалысты. Парламенттің қажырлы қызметінің арқасында «Заң мен тәртіп» қағидаты мемлекет саясатында түбегейлі орнығып, ұлт болмысының ажырамас бөлігіне айнала бастады.

Сонымен қатар Парламент депутаттары Қазақстанның халықаралық беделін нығайтуға елеулі үлес қосты. Сол арқылы еліміздің жауапты әрі ықпалды «орта держава» ретіндегі рөлі күшейе түсті. Депутаттар парламентаралық ассамблеялардың, шетелдік сапарлар мен форумдар аясында шетелдік әріптестерімен және жаһандық институттармен сенімді әрі нәтижелі байланыс орнатта білді. Осы тұста Әлемдік және дәстүрлі діндер съезінің жұмысын айрықша атап өту қажет. Беделді диалог алаңының хатшылығы ұзақ жыл бойы Сенат аясында табысты жұмыс істеп келді.

Құрылтай басты заң шығарушы орган ретінде барлық бағыт бойынша сабақтастықты және институционалдық дәстүрді сақтап, жылдар бойы қалыптасқан бірегей парламенттік мәдениетті жоғалтпай, оны одан әрі дамытуға баса мән беруге тиіс. Еліміздің жоғары өкілді органы – Құрылтайдың негізгі мақсаты – баршаға бірдей мүмкіндік беретін демократия баса мән беруге тиіс. Еліміздің жоғары өкілді органы – Құрылтайдың негізгі мақсаты – баршаға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құру ісіне атсалысу және осы бағытта белсенді жұмыс істеу. Бір палаталы өкілді орган өзінің заңнамалық миссиясын табысты орындай отырып, қоғамда Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік, Тазалық, Қоршаған ортаны қорғау сынды мызғымас құндылықтарды орнықтыра түсуге барынша ықпал етеді деп сенемін.

**Құрметті депутаттар!**

Жаңа Конституцияның заңды күшіне енуі – ұлт тағдырына тікелей әсер ететін тарихи оқиға. Тұғырына қонған Ата заңымыз аса ауқымды қоғамдық-саяси үдерістер кезеңіне жол ашады. Осыған орай, мен бірқатар маңызды құжатқа, соның ішінде Құрылтай сайлауын өткізу туралы арнайы Жарлыққа қол қоямын. Соған сәйкес партиялар арасындағы бәсеке де жандана түседі. Біз жасампаз ел ретінде осы саяси науқанды да жоғары деңгейде өткізуіміз керек. Алдағы сайлауда ашық, адал және әділ бәсеке болуға тиіс.

Қазақстан халқы – қоғамда жасалып жатқан түбегейлі өзгерістердің негізгі қозғаушы күші. Азаматтармыз елдің ертеңіне бей-жай қарамай, шешуші сәтте тандау жасауға қабілетті екенін айқын көрсетіп келеді. Бұл – жауапкершілігі жоғары, бірлігі бекем, рухы және мәдениеті биік ұлттарға ғана тән қасиет. Сайлауға қатысу – елдік істен шет қалмау деген сөз. Осы ретте жұртымыз алдағы саяси науқанға белсене атсалысады деп сенемін.

Құрылтай – жаңа тұрпатты Қазақстанның маңызды символы. Сондықтан оның құрамына нағыз отаншыл, бастамашыл әрі мемлекетшіл тұлғалар, яғни тек үздіктер ғана кіруі керек. Себебі халық реформалардың қаншалықты нәтижелі болғанын дәл осы Құрылтайдың қызметіне қарап бағалайды. Осындай маңызды сәтте мен тағы бір мәрте Сенат пен Мәжілістің басшылығына және депутаттарына шынайы ризашылығымды білдіремін. Себебі сіздер мемлекетіміздің игілігі үшін адал әрі қажырлы еңбек еттіңіздер. Жұрттың мұң-мұқтажын бағыл көтеріп, ұлт мүддесін бәрінен биік қоя білдіңіздер.

Жаңа кезең – жаңа мүмкіндіктер уақыты. Депутаттардың бірқатары Құрылтайға өтіп, ел игілігі жолында еңбек ете береді деп ойлаймын. Қазақстан Халық Кеңесінде де өздеріңіз секілді білікті азаматтар болуы керек деп санаймын.

Сондай-ақ бүгін мен «AMANAT» партиясының фракциясына және барлық мүшелеріне белсенді, байсалды және жасампаз ұстанымдары үшін алғыс айтамын. Сіздер шынайы отаншылдық пен азаматтық жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетіп келесіздер. Саяси ұйымның таяуда өткен съезінде «ӘДІЛЕТ» партиясына қосылу туралы стратегиялық шешім қабылданды. Мен бұл тарихи шешімді қолдаймын. Бүгінгі таңда барлық озық әрі жасампаз күштер жалпыұлттық құндылықтар мен ортақ мақсаттарға бірігуде. Мұндай қадам елімізде қолға алынып жатқан түбегейлі реформаларға тың серпін берері сөзсіз.

Түптеп келгенде, баршамыздың мұратымыз – бір. Бұл – жас ұрпақтың жарқын болашағына жол ашатын өркеніетті әрі озық мемлекет құру. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Еліміздің ойдағыдай дамуы бізге ғана керек. Ұлт болып ұйысып, жұрт болып жұмыла білсек, біз кез келген белесті бағындырамыз, көздеген мақсатымыздың бәріне қол жеткіземіз. Қастерлі Тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайтып, Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз, Таза әрі Озық Қазақстанды құрамыз. Мен бұған кәміл сенемін! Осы жолда аянбай еңбек ету – әр азаматтың перзенттік парызы.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз бекем болсын!

Қазақ елі мәңгі жасасын!

Akorda.kz

ПРОФИЛАКТИКА

# РЕЙДТІК ШАРАЛАР ЖҮРГІЗІЛДІ

Жақында ауданда кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді.



Шара барысында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, білім беру ұйымдары оқушыларының заң талаптарын сақтауына бақылау жүргізу, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бағытындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау және балаларға қатысты құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу жұмыстары күшейтілді.

Рейдтік шаралар барысында аудан аумағындағы жастар көп шоғырланатын орындар, яғни саябақтар, мәдениет үйлері, кафе-барлар, демалыс орындары, сондай-ақ салынып жатқан ғимараттар, көпқабатты тұрғын үйлердің шатырлары мен жергіліктілері, ашық люктер тексерілді.

Сонымен қатар кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу және

оқыту жөніндегі міндеттерін тиісінше орындамайтын заңды өкілдерді анықтау бағытында жұмыстар жүргізілді. Анықталған құқық бұзушылықтар бойынша қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес тиісті шаралар қабылданды.

Жедел-профилактикалық іс-шараға аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен қатар мемлекеттік органдар

мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты. Мамандар жасөспірімдермен және олардың ата-аналарымен профилактикалық әңгімелер өткізіп, құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

**Нұрлан ҚҰЛШЫМБАЕВ,**  
аудандық полиция бөлімі ЮИПТ аға учаскелік инспекторы, полиция майоры.

ЖАСӨСПІРІМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Қазіргі қоғамда кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық мәселесі өзекті тақырыптардың біріне айналып отыр. Жасөспірімдердің заңға қайшы әрекеттерге баруы олардың болашағына ғана емес, қоғамның тыныштығы мен қауіпсіздігіне де кері әсерін тигізеді. Сол үшін де кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі мәселесіне ерекше назар аударылады.

## ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

ҚР Қылмыстық кодексіне сәйкес, қылмыс – қоғамға қауіпті, заңмен тыйым салынған әрекет немесе әрекетсіздік. Заң бойынша кейбір қылмыс түрлері үшін азаматтар он төрт жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Атап айтқанда, ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған жағдайда жасөспірімдер заң алдында жауап береді.

Кәмелетке толмағандардың қылмысқа баруына әртүрлі әлеуметтік және тәрбиелік факторлар әсер етеді. Отбасындағы тәрбиенің жеткіліксіздігі, ата-ананың бақылауының әлсіреуі, теріс ортаға еліктеу, бос уақытты тиімді ұйымдастырмау, әлеуметтік желілердегі жағымсыз ақпараттардың әсері – құқық бұзушылықтың негізгі себептерінің бірі. Занда кәмелетке толмағандарға қатысты арнайы жеңілдіктер мен тәрбиелік шаралар қарастырылған. Сот жасөспірімнің жас ерекшелігін,

психологиялық жағдайын және жасаған әрекетінің сипатын ескере отырып шешім қабылдайды. Баланы жазалауға емес, оны түзету және қоғамға бейімдеуге басымдық беріледі.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі – қоғамдағы заңдылық пен тәртіпті сақтаудың маңызды тетігі. Әрбір жас азамат заңды құрметтеп, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауы қажет. Тәрбиелі, саналы ұрпақ – ел болашағының кепілі.

**Бақыт БАКИРОВА,**  
Жамбыл ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.



ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ – МІНДЕТ

Еліміздің дамуына үлкен кедергісін келтіретін, көшімізді кері тартатын мәселе жемқорлық екенін көбіміз білеміз. Біле тұра, бұл індетпен күресте әлі де айымыз оңынан тұмай тұрғаны айқын екенін де мойындаймыз. Кедергісіз келешек, жарқын болашақ, жалпы, әділет салтанат құрған қоғам орнатқымыз келсе, осы түйткілді мәселені түбегейлі шешуіміз керек.

## МЕМЛЕКЕТТІҢ ДАМУЫН ТЕЖЕЙТІН КЕСЕЛ

Бұл ретте, жең ұшынан жалғасқан жемқорлықтың жолын кесудің бір тиімді жолы мемлекеттік қызметтерді цифрландыру дер едім. Цифрландырудың негізгі мақсаты – әкімшілік рәсімдерді жеңілдетіп, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің барынша ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, адами факторды азайтып, сол арқылы жемқорлықтың жолын кесу. Соның ішінде, жемқорлықпен күрестің ең нәтижелі құралдарының бірі мәліметті беруді цифрландыру болып отыр. Сол жолға түсіп те келеміз. Бүгінде мемлекеттік қызметтің басым бөлігі электронды форматта көрсетілуде. Сол арқылы мемлекеттік қызметкердің

қызмет алушымен тікелей қарым-қатынас орнатуына жол берілмейді. Бұл да жемқорлықпен күрестің бір жолы.

Шынтуайтында, жемқорлық – мемлекеттің дамуын тежейтін кесел, қоғамдағы өзара сенімге, мемлекетіміздің қауіпсіздігіне қатер төндіретін құбылыс. Негізгі мақсат – жемқорлықтың тамырына балта шабу, оны түбегейлі жою. Бұл жұмысты еш созбалаңға салмай, қарқынды түрде жүйелі жүргізу қажет.

**Бауыржан ТОҚТАСЫНОВ,**  
аудан әкімдігі ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы.



ПРАВО ПОТРЕБИТЕЛЯ

## МЕБЕЛЬ НА ЗАКАЗ – КОМФОРТНО ИЛИ ОПАСНО?

**Выбор мебели – дело очень ответственное, ведь эта часть интерьера служит не один год и стоит не дешево. А значит, она должна быть удобной, практичной, хорошо подобранной по габаритам квартиры, должна быть изготовлена из безопасных материалов и так далее. Все больше людей приходят к выводу, что всем их желаниям может удовлетворить только мебель, выполненная на заказ. Как правильно это сделать?**

Специалисты выбранной вами компании должны приехать к вам домой, произвести обмер, сделать эскиз мебели и обязательно заключить с вами договор на выполнение работы с указанием всех деталей:

- вид услуги (работы) с подробным описанием и приложением эскиза (предусмотрите ответственность изготовителя не только за изготовление мебели, но и за доставку, сборку и т.д.);
- цена услуги (работы);
- точное наименование, описание и цена материалов;
- условия оплаты работы заказчиком;
- даты приема и исполнения заказа;
- гарантийные сроки на результаты работы;
- должность лица, принявшего заказ, и его подпись, а также подпись потребителя, сделавшего заказ.

Если компания не заключает договор, не дает гарантий, то это как минимум, должно насторожить потенциального клиента, и лучше такие фирмы обойти стороной. Если же вы предпочитаете обойтись без бумаг и ограничиться устной договоренностью, то будьте готовы к любым неожиданностям. И мебель может оказаться из другого материала и эскиз совсем не ваш и работа может затянуться на неизвешное время...

Обращаем ваше внимание, что указанные в договоре начальный,

конечный или промежуточные сроки выполнения работы могут быть изменены по соглашению сторон. Если исполнитель нарушил сроки выполнения работы, то потребитель вправе отказаться от договора и потребовать возмещения убытков.

При расторжении договора в случае несвоевременного выполнения работы фирма не вправе требовать возмещения своих затрат, произведенных в процессе работы, а также платы за уже выполненную работу.

В случае если вас не устраивает качество изготовленной мебели, обнаружили несоответствие эскизу, не выдержаны сроки поставки, вы имеете право обратиться с претензией к изготовителю, где указываете нарушения условий договора, допущенные изготовителем и свои требования к нему. Согласно Закона РК «О защите прав потребителей» вы вправе потребовать:

- безвозмездного устранения недостатков мебели;
- уменьшения цены выполненной работы;
- безвозмездного изготовления другой мебели;
- возмещения расходов по устранению недостатков мебели.

Ответ на такое заявление вам должны дать в течение 10 календарных дней.

Если ответа в установленный срок не поступило, то по данному

факту вы вправе обратиться в Департамент торговли и защиты прав потребителей для привлечения предпринимателя к административной ответственности. Если полученный от предпринимателя ответ вас не удовлетворил, то вам необходимо обратиться в независимую организацию, имеющую лицензию на оценку недостатков мебели, которая представит вам свое заключение по недостаткам мебели. Затем, подготовив исковое заявление и приложив документы (договор, претензию, квитанцию об оплате изготовителю, заключение специалиста) вы обращаетесь в суд по месту нахождения изготовителя.

Главное не бояться и не лениться отстаивать свои права. Чем грамотнее мы будем с потребительской точки зрения, тем добросовестнее будут становиться продавцы и изготовители. А это значит, будет улучшаться качество нашей с вами жизни, а за это стоит бороться.

Департамент торговли и защиты прав потребителей Жамбылской области доводит до сведения потребителей, что рассматривает обращения потребителей, поступающие через системы: E-otinish, E-gov, Telegram bot и другие способы связи.

Консультацию по вопросам защиты прав потребителей можно получить по телефону: 8-7262-54-21-69.

**Татьяна ФЕДОСОВА,**  
главный специалист  
Департамента торговли и  
защиты прав потребителей  
Жамбылской области.

## БАЙҚАУ

# Жамбылдық батагөй бас жүлдені жеңіп алды



Жуырда Тараз қаласындағы Ықылас Дүкенұлы атындағы мәдениет үйінде халқымыздың сан ғасырлық рухани мұрасын ұлықтауға арналған «Батаменен ел көгерер» атты облыстық батагөйлер байқауы жоғары деңгейде өтті. Тағылымы мол шара Жамбыл облысы мен Тараз қаласы әкімдіктерінің қолдауымен, Жамбыл облысы ардагерлерінің бастамасымен ұйымдастырылды.

## Шұғыла АҚШАБАЙ

Байқау басталарда шараға қатысушы ардагерлер мәдениет үйінің алдында XIX ғасырдағы әйгілі қазақ күйші-композиторы және қобыз өнерінің көрнекті өкілі Ықылас Дүкенұлының ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Бұдан кейін мәдениет үйіндегі қазақтың көрнекті театр және кино актеры, режиссері, педагогы әрі мәдениет қайраткері,

Қазақ КСР халық артисі, КСРО халық артисі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімовтің музейін аралап, еңбектерімен танысты.

Қазақ халқы үшін бата – ұлттың рухани қазынасы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ізгі дәстүр. «Жауынменен жер көгерер, батаменен ел көгерер» деген дана сөздің мәнін жас ұрпақтың санасына сіңіруді мақсат еткен байқау ұлттық салт-дәстүрді дәріптеп, үлкенге құрмет пен кішіге ізеттің жарқын үлгісін көрсетті.

Салтанатты шараның ашылуында Жамбыл облыстық ардагерлер

кеңесінің төрағасы Еркінбек Солтыбаев пен Тараз қаласы әкімінің орынбасары Дамир Жаманбаев құттықтау сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқауға облыстың 10 ауданы мен Тараз қаласынан іріктелген 11 батагөй қария қатысты. Сайыс үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қатысушылар ұлттық салт-дәстүрге байланысты бата берсе, екінші кезеңде тарихи тұлғалардың баталарын айтты. Ал үшінші кезеңде салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа қатысты сұрақтарға жауап беріп, өз білім деңгейлерін көрсетті.

Байқау қорытындысында қазылар алқасының шешімімен Жамбыл ауданының намысын қорғаған Бегалы Сқақов бас жүлдені жеңіп алып, арнайы дипломмен және 300 мың теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Осы ретте қазына қарияны жеңісімен құттықтап, республикалық додада топ жаруына тілектеспіз!

## ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Көл-көсір адам көңілін бабаларымыз «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» деп түйіп тастаған ғой. Демек, көңіл дегенің керемет ұғым. Адамның жан-дүниесінің жарық сәулесі, өткен өмірің мен жастығыңды жалғастырған сағым сезім. Тіршілікте аралас-құралас жүрген жақсылардың көңіл терезенді жиі қағатыны да сондықтан шығар-ау.

## АДАМДЫҚТАН АЙНЫМАҒАН АБЗАЛ ЖАН

«Бар екен, бар екен ғой жақсы адамдар» демекші, парасатты жандардың арқасында асыл сөз арзандамайды. Олар – адамның қадірін, еңбектің нарқын, таланттың парқын біледі. Сондай жаны жайсаң жақсы адамдардың бірі – Жамбыл облысының Құрметті ардагері Жамихан Дуанаев.



Асылында, Жамихан Расылханұлы болмысынан жақсы адам. Өлі күнге дейін адамдықтан айнымаған абзал жан. Өзі жомарт, пейілі кең, қолы ашық қайырымды азамат. Ол кісінің бойында «Жақсының қасиеті – жарастыру» бар. «Жақсы көрісіп, келістіреді» дегендей, айналасын, өзінің ізінен ерген еркін ойлы адамдарды ортақ іске жұмылдыра алатын қасиетімен ерекшеленеді. Біреуді алалағанын көрмеппіз. Барлығына да бірдей қарайды.

Жәкеңді қалада тұрады демесең, жаны, жүрегі, көңілі, ойы, ділі ауыл деп соғады. Сөздің емес, істің адамы. Қызметте жүрген жылдары өзі ғана сөйлей бермейтін. Үлкен-кішінің бәрін тындай алатын. Өркімге тұлға деп қарап, өзі сенген кісілеріне ғана үміт артатын. Жақсы адамның жанын көре алатын, алыстан айнытпай танитын. Жастардың көзінше сырғынан кісі жамандамайтын.

«Жақсы адам – Алланың нұры» дейді. Бірінші байлығым халқым деп білген, ойы да, бойы да биік, сөзі де, ісі де ірі, жаны мен қолы бірдей таза, кішілік пен кісіліктен жаралған, періште пейілді, тұғыры биік тұлғамен бірге өсіп, жетілдік. Замандаспыз әрі доспыз. Жақсы адаммен бауыр болып, бірге өткізген күндерді тіршіліктегі нұрлы бір кезеңім деп білемін.

Биіктегі пенденің басы айналмай тұрмайды. Соның өзінде Жәкең жақсының жолын кеспей, жастардың тілеуін тілеп, ешкімге көлеңкесін түсірмей, қисайғанды түзеп, жығылғанды сүйеп, айналасына шуағын төгіп жүреді. Шынтуайтында, Жамихан Расылханұлы пендешілікке – парасатты, ұсақтыққа – ірілікті, қастыққа – достықты, кергартпаға кісілікті қарсы қойып өмір сүреді. Бойында жасандылық әлі күнге дейін жоқ.

Арда азаматтың еліне де, халқына да сіңірген еңбегі ерен. Елеусіз емес. Қандай марапатқа да лайықты. Сәйкесінше, алған марапаттары да өз алдына бір төбе. Жамбыл ауданының және Жамбыл облысының Құрметті ардагері, «Ерен еңбегі үшін», «Жамбыл облысына сіңірген еңбегі үшін», «Қазақстан патриоты» төсбелгілерінің иегері. Бұның бәрі атпал азаматқа деген құрметтің белгісі болса керек.

Ешқашан мақтанып масаттанбайтын, қарапайым, жайдарлы жайма-шуақ мінезі бар, үлкенге құрметі, кішіге ізеті зор, кішіпейіл, адамгершілігі, парасаттылығы, мәдениеттілігі өте жоғары замандасым туралы салмақты сөз сабақтап, жақсы тұстарын тізіп жазсам, өзеге үлгі бола ма деген ой мендегі. Жанымызда жүрген жақсы адамдар жасай берсін!

Батырбек САРШАЕВ,  
аудандық билер кеңесінің төрағасы.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

## ӘРБІР ІС ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАСТАЛАДЫ

Мемлекеттік қызметші болу – бұл үлкен абырой мен міндет. Ол билік пен халық арасында байланыстырушы буын болып табылады. Сондықтан да әр саланың сапалы жұмыс істеуі, жетістікке жетуі мамандардың біліміне, біліктілігіне тікелей байланысты. Мемлекеттік қызметкер – билік пен қарапайым халық арасындағы дәнекер.

Мемлекеттің атынан жұмысын атқарып, мемлекет мүддесін қорғайтын қызметкерлердің өзін-өзі ұстауына, адамдармен қарым-қатынасына, сөйлеу мәнеріне, шеберлігіне, сауаттылығына қарап, азаматтардың да билікке деген сенімі нығаяды. Бір

мемлекеттік қызметкердің оғаш ісі бүкіл бір құрылымның беделіне нұқсан келтіріп, сеніміне селкеу түсіруі мүмкін. Осыған орай, бүгінде мемлекеттік құрылымдарға жұмыс істеуге үмітті жандарға талап қатал. Мемлекеттің өркендеуі,

халықтың әл-ауқатының артуы, қоғамның кез келген саласының дамуы – бірінші кезекте мемлекеттік қызметкердің еңбегіне тікелей байланысты. Дамыған елдердің тәжірибесі елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда мемлекеттік аппараттың кадрлық мүмкіндігі аса маңызды екендігін көрсетіп отыр.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады. Мемлекеттік

қызметшілердің моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қоятыны, мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, құқық бұзушылықтарға не сыбайлас жемқорлыққа жанасқан немесе келенсіз құбылысқа жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеуі тиіс.

Зарина АБЗЕЛОВА,  
Қаракемер ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

Директор:  
Айман ТЛЕУКЕЕВА

Меншік иесі:  
«Шұғыла-Радуга» газеті редакциясы» ЖШС

Бас редактор:  
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей байланыс: 87765549701

Бас редактордың орынбасары:

Жауапты хатшы:

Тілшілер:

Дизайнер-теруші:

Бас редактордың орынбасары:

Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Шұғыла АҚШАБАЙ

Ғалия АЛИЕВА

2-20-24

2-13-44

87059774177

87474240395

877770284244

87075853423

Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясында компьютерде теріліп, беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 1923

Тапсырыс №374

Нөмірдің кезекшісі: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Газет аптасына 2 рет, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Газета выходит 2 раза в неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта: sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз: Индексі 080200, Аса ауылы, Абай көшесі 78-үйі.